

Қазиева Ж.Н.
**Қазақстандағы жаһандану
үдерісінің ерекшеліктері**

Бұл мақалада автор XX ғ. соңында географиялық ортада бірнеше жас мемлекеттердің пайда болғанын, соның бірі Қазақстан Республикасы екендігін атап көрсетеді. Тәуелсіз жас мемлекет үшін басты мәселе әлемдік экономикалық додаға түсу және тұрақты саяси бағытты ұстану. Автор осы бағытта ҚР әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық мүмкіншіліктерін зерттей келе бүгінгі әлемдік саясатқа өзіндік баға береді. Сонымен қатар ҚР болашақтағы даму үрдісіне шолу жасайды.

Түйін сөздер: этнос, ұлт, өркениет, жаһандану.

Kazieva Zh.N
**Features of processes of
globalization are in Kazakhstan**

In this article an author marks that at the end of XX age a few young states appeared in a geographical environment, and, including Republic Kazakhstan. Priority direction for the independent young state was entering into a world economic contest and maintainance of stable political development. In this direction of RK analysing social, cultural, political and economic possibilities gives an original estimation a worldwide policy. Including, in RK conducts a review.

Key words: ethnicity, nationality, civilization, globalization.

Қазиева Ж.Н.
**Особенности процессов
глобализации в Казахстане**

В данной статье автор отмечает, что в конце XX века в географической среде появилось несколько молодых государств и в том числе Республика Казахстан. Приоритетным направлением для независимого молодого государства явилось вступление в мировое экономическое состязание и сохранение стабильного политического развития. В этом направлении РК, анализируя социальные, культурные, политические и экономические возможности, дает своеобразную оценку мировой политике. В том числе, в статье проводится обзор тенденции развития в будущем.

Ключевые слова: этнос, нация, цивилизация, глобализация

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ЖАҒАҢДАНУ
ҮДЕРІСІНІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

XXI ғ. жер шарын мекен еткен мемлекеттердің, ондағы халықтарға осы кезеңге дейін қауіп төндірген отаршылдық саясат, жер, қазба байлық үшін соғыс я, болмаса ұлт, нәсіл аралық қақтығыстар емес адамдардың өз танымдарымен, қажеттілігімен қол жеткізген жетістіктері өздеріне соққы болып тиуде. XX ғ. – тарих сахнасында дүние жүзілік соғыстармен, ГТР, адамзат баласының жер бетінен айға сапар шегуімен ерекшеленеді. Ғылымның қарқынды дамуын, қажеттіліктердің қанағаттандырылуын «өркениет, жаһандық дүмпу» деп бағалады. Расында, бұл құбылыстарды жетістік деп танысақ болады. Алайда біз атап өткен өркениет, жаһандану ұғымдары қоғамның сұраныстарына жауап беріп қана қоймай мемлекеттің ішкі саясатына, ұлттық құндылықтарына, тілі мен дініне етене араласып, түпкі мақсаттардан тайдыруға бағытталған. «Жақынырақ қарастырғанда, егерде бұл мәдениеттер көптеген ғасырлар бойы өзін мойындатпаған болса, дүниежүзілік мәдениеттің «құрамына» кірмеген мұндай ұлттық мәдениеттердің өзіндік мазмұнына немқұрайлы қарайтынын көруге болады. Өзін дүниежүзілік деңгейде енді ғана көрсетіп келе жатқан ұлттық мәдениетке деген көзқарас оны ең жақсы дегенде экзотикалық, із қалдырмастан ағып өте шыққан бірдене ретінде қарастыру» [1, 347 б].

Бұл алдыңғы қатарлы алып державалардың жаңа отарлау саясатыма, әлде мемлекеттерді құртуға бағытталған жаңа саясатпа? Не десекте бүгінгі таңда өзге мемлекеттермен қатар Орталық Азияда XX ғасыр соңында тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақ еліне де қауіп төнуде. Дүниені дүрліктірген алып держава КСРО-ның күйреуі тек иық тірескен АҚШ, Қытай, Англия, Франция сынды экономикасы озық елдердің пайдасына ғана шешілген жоқ, сонымен қатар 70 жылдық тотолитарлық жүйеде торсыз түрме күйін кешкен, сан жылдар бойы отарлаудың мәдениетті формасын бастан өткерген өзге халықтар үшін де тиімді болды. Әр мемлекет өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, мемлекет атауымен әлемге аяқ басты. Алайда, Социалистік жүйеден демократиялық жүйеге өту, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу қоғам үшін түсініксіз дүние болып сипатталды. Экономикалық додаға, өрекиеттер бәйгесіне қосылу, дамыған, тіпті дамушы мемлекеттермен әлемдік аренада бір ізбен қатар жүру мүмкін болмады. Олай айтуға себеп,

біріншіден, КСРО құрамында болған әр мемлекет жоспарлы шашыранды экономикамен күн кешті, екіншіден ата заңнан жұтанданып жалпы одақтық бір заңмен өрнектелді, үшіншіден дін, тіл, төл мәдениеттен алшақ кетіп, ортақ халықтық нормалармен ерекшеленеді, төртіншіден өндіруші емес тұтынушы елге айналды, өндірісде техниканың бір бөлшегін ғана жасап, сұранысқа ие бола алмады, бесіншіден халықтың басым көпшілігі ауыл шаруашылықпен, шикізатпен шектелді. Тәуелсіздік халық арманы болғанымен алға қойған нық әрі нақты жоспар болмады. Тізімді ары қарай тізбектей берсек ұшы-қиыры жоқ тізім айтар едік. Бұл проблема әліде болса шешімін толық таппай келеме деген алаңдаушылық бар. Себебі, Әлихан Байменовтың «Дала мен Қала» газетіне берген сұхбатынан анық аңғарсақ болады. Газетте былай делінген: «Кеңес одағы ыдырап, әр ел өзіне қолайлы саяси экономикалық жол іздеп жатқанда, бізге елдің әрбір саласын меңгерген қызметкерлер ауадай қажет болды. Сол кезде қандай өзекті болса, әліде сондай» [2, 4 б]. Міне сол бір дүрбелең заманда шығысын алпауыт қаһарлы Қытай, батысын-солтүстігін аюдай ақырған Ресей, оңтүстігін өзімен тағдырлас елдер шектеген, сусыз тақыр жерден жарып шыққын гүл секілді тәуелсіз Қазақстанда мемлекет ретінде өзін әлемге жар салды! Ал, Түрік елі төрткүл әлемде бірінші болып тәуелсіздігін таныды, мұның өзі еркіндіктің бірден-бір дәлелі болатын.

Қазақстан мемлекеті үшін ең басты мәселе дүние жүзіне қай бағытпен танылу проблемасы тұрды. Себебі, өзінің төл мәдениетімен, тілімен сыр шерту тиімсіз болды. Осыған орай ХХ ғ соңында Қазақ елі тарих беттерінен таныс халық билігіне жол ашты. Тоталитарлық жүйеде өмір сүрген халық үшін сөз бостандығы, еркіндік, халық билігі, таңдау құқығы сынды, ұғымдар сенгісіз әрі билікке деген үреймен сипатталды. Неге дейсізбе, онда белгілі саясаттанушы Әзімбай Ғалидың мына бір сөзіне тоқталайық: «Бізге басқарушы буынның бірнеше тобы келгенін айттып өткен жөн. Алғашқылары Кеңестік режимнің өкілдері... Олардың көбі бұрынғы бюрократиямен жұмыс істеп үйренгендіктен де, біраз істерде өзіндік кедергілер де болды»- деп, атап көрсетті [3, 4 б]. Ашығында тоталитарлық жүйемен күн кешкен билік демократиялық жүйеге тез төселіп кетті десек артық айтқандық болар. Дегенменде, бір партиялық жүйеден көп партиялық жүйеге, сайлауға, БАҚ-на сөз бостандығын, шет елдермен тығыз байланысқа, шағын және орта бизнеске жол ашты. Одақ кезінде тарихи

оқиғаларға байланысты қазақ жеріне өзге ұлттар қоныс аударғандықтан дінге шектеу қойылмады. Мұның өзі тәуелсіз жас мемлекет үшін өз уақытында тиімді саясат тұрғысынан бағаланды. Бүгінгі таңда дін саясатына сын айтушылар еліміздің 20 жылдық өміріне шегініс жасап, сол кезеңдегі саяси жағдаймен баға берсе өз сұрағына биліктен емес, өмірден жауап алар еді.

Мүмкін бұлай дабыл қағудың қажеті де жоқ шығар, бірақ, «өркеніетті елміз» деп ұрандатқан Батыс елдерінің даму стилін өз мемлекетімізден көру ақылға сиымсыз. Британдық зерттеуші Ш. Акинердің пікірінше қазақ қоғамының бір тектілігі совет үкіметінен қалған үрдіс дейді [4, 67 б]. Онсызда тарих беттерінде өкінішпен айтар тұстарымыз көп-ақ. Шапқыншылық заманында өзге ұлттармен ассимиляцияға ұшырауымыз, екі ғасырға жуық Ресей патшалығының қол астында күн кешуіміз, 70 жыл бойы тоталитарлық жүйенің құрсауында ашаршылықпен ұлт зиялыларына төнген нәубетті өткеру өзің түгіл өз жауыңа тілемейтін оқиғалар. Талай тарланмен боздақтың қанын төгіп тәуелсіздіктің ақ таңына қол жеткізіп, онсызда шұбарланған тілге, Наурыз айында ғана есімізге алатын төл мәдениетпен ұлттық санаға сызат түсіретін Батыстың жаһандану үрдісімен болашақты улау келер ұрпаққа өз қолымызбен қиянат жасаумен тең.

Жаһандану түсінігі тек біздің елге ғана емес бүкіл мемлекеттерге таныс ұғым болды. Әр қашанда Батыс және Шығыс бір-біріне қарсы тұрған жақтар. Неге? Себебі, Батыс үшін бірінші орында экономика, сауда, ақша саясаты тұрды. Жеке адамның құқығын бірінші орынға шығарып, коллективизм ұғымын кейінге қалдырды. Рухани мәдениеттен жұтанданып, тоқыраудың аз-ақ алдында тұр. Отбасылық тәлім-тәрбие, ұлттық сана, дін, ұлттық рух сынды ұғымдар жай ғана арман қуғанның жас баланың тілегі іспеттес көрінді, тіпті мойынсұнбадыда. Ия, сөз жоқ халықтың өмір-сүру деңгейі әлде қайда жоғары тұрды. Шикізатқа тапшы болсада, жоқшылық зардабын тартқан жоқ. Алайда экономиканың озық стилін әлемге паш еткенімен өмірдің жоғалу эволюциясын бастапта кетті. Себебі, рухани дүниеге тапшы. Бұл көрініс жоғалудың ең басты әрі маңызды бөлігі [5, 7 б].

Ал, Шығыс жайлы не айтсақ болар еді? Шығыс сан ғасырлық төл мәдениетін алдыңғы орынға шығарып, дамудың руханилық бағытын таңдаған. Расында, Шығыс елдері адамгершілік, мейірімділік, жомарттық ұғымдарынан кем де емес. Шығыс өздігінше бір сырға толы әлем. Осы уақытқа дейін ғалымдардың зерттеу объек-

тісіне айналуыда тегін емес. Тіпті, өз тілінен, дінінен, төл мәдениетінен бас тартпай әлемге өз тілдерінің, экономикасын керек екендігін дәлелдетіпте кетті. Бұл Шығыстың Батысқа деген нақты жауабы.

Қазақстан осы бір Батыс пен Шығыс, Ислам мен Христиан сынды алып мәдениеттер тоғысында орналасқан мемлекет. Сондықтан, бізге сан-салалы мәдени факторлардың әсер етуі заңды. Оларға біздің мемлекеттің тойтарыс беруі заңды. Бірақ олай болмай отыр. Себебі, өз төл мәдениетіміз біз үшін, қазақ халқы үшін аңызға айналып барады. Мәдениетімізді тек мейрамдарда ғана тойлап, қалған уақытта батыстық шайтан мәдениетке жол береміз. Өз тілімізді құрметтеу былай тұрсын, оны білу, қазақ тілінде сөйлеу шет тілі іспеттес болып қалды. Мұхтар Шахановша айтсақ «шіріген жұмыртқаға» толы қоғамға айналып барамыз. Бұл дегеніміз қазақ тілі қажеттілікке жарамай, көлеңкеде қалып қойған бір дүние іспеттес. Ислам дінін мойындадық, алайда қай бағыттың ұстану керектігін халық былай тұрсын, билік шеше алмауда. Ата-бабамыз ұстанған дәстүрлі исламды пір тұтсақ таза Исламға жат дейміз, ал таза Исламды ұстансақ төл мәдениетке қол сілтеп, бас тартуға тура келеді. Міне, бұл біздің елдегі шешімін таппаған парадокс. Сонымен қатар, БАҚ-ты 4-ші билікке жатқыздық. Бірақ, БАҚ 4-ші билік екенін ұмытып кетсе керек. Халықтың мұң-мұқтажын сипаттап, әлеуметтік, тұрмыстық проблемаларды қарастырудың орнына, шет елдік, атап айтар болсақ Бразилия, Мексика, Корей, Түрік сериалдарының атынан сөз сөйлеп одан қалса, мәдениеттен жүрдай Голливудтық кинолармен халық санасын шырмауықша бұғаулап, одақтастыруда [6, 8 б].

Бүгінгі таңда ғалымдардың Батыс туралы пікірлерінде екі ұдайылық түсінік қалыптасқан. Бірінші топ батыс елдерінің гүлденуін алға тартса, екінші топтағылар гүлденудің салдары қоғамдағы адами құндылықтардың жоғалып бара жатқанын көрсетуде. Бізді де алаңдатып отырған соңғы жағдай. Себебі, батыста кең етек алған индивидуализм, сан салалы мәдениеттің түрлері, шоу бағдарламалар, киім кию стилдері біздің қоғамға, әсіресе кейінгі буынға қатты әсер етуде. Соның себеп салдарынан қоғам рухани жұтаңдануға бет түзеп барады. Тіпті батыс өз қоғамына өзі алаңдаулы. Отбасы, ата-ана сүйіспеншілігі сынды маңызды түсініктер қызметін жойып, қоғам құлдыраудың аз-ақ алдында тұр. Бір жыныстылардың отбасы құруына рұқсат беріліп, оларды заңдастырғанда. Кәмілеттік жасқа толған әр

бір азаматқа ата-анасы жеке бастың құқығына нұқсан келтірсе сот алдында жауапқа тартуға құқығы бар. Тастанды балалардың саны артуда. Егерде отбасын құрған саналы екі адам бір-бірін түсіне алмаса екі жаққа айырылысып кетеді, мейлі арада бала болсада. Ал, бала тағдырын сот шешеді. Батыстық шоу бизнеспен сусындалған теле арналар бір бөлек. Осы бағдарламаларды көрген жастардан не болашақ күтуге болады? Неге десек, БАҚ-нан көрсетіліп жатқан кино, сериалдардан өзімізге алар тәрбие, тәртіп, өнеге жоқ. Мазмұнын байқасақ махаббатты жеңіл жүріспен сипаттап, байлықтың, ақшаның соңында әулет қырылып, ата-анаға құрмет көрсетпей, мәдениетсіз қоғамды бейнелеп, одан қалса адамды қойша бауыздап, өмірін ойыншыққа айналдырған сценарилер. Олардың қатарына шекараны талап етпейтін адамзатты жаулаушы нашақорлық, жезөкшелік, алкогольизм, заңсыз қара сауда сынды тирандарды қосыңыз. Бұл дамыған «өркеніетті қоғам» емес құрдымға кетіп бара жатқан қоғам. Әліде болса бал қаймағы бұзылмай отырған біздің мәдениетке осы ортадан не алмақпыз? Төл тарихымыздың қай тұсынан мұндай басыздықты көріп едік. Жетім мен жесірін жылатпай Тәуке хан Жеті жарғыға өзгеріс енгізгенде болатын. Өлім заңын күн заңымен алмастырып Қазақ қоғамы XVIII ғ. өркеніетке бет бұрыс жасаған. «Балалы үй базар, баласыз үй мазар» деп дана халық тегін айпаса керек. Әр туылған балаға азан шақырып, ырымдап ат қойып, ел алдында еңсесін биік ұстады. Баланың көп болғанын «Жаратқанның сиы»- деп бағалап, ұрпағының кемелденуіне жол ашқан. Өзінен жасы үлкен адамға ізеттілік көрсетіп, қарсы келмеген. Ал, ата-анаға деген сый құрмет жоғары бағаланды. Ата-анаға қарсы сөйлеу деген баланың санасына мың ойлансада кірмеген жағдай. Қыз баласын құрмет тұтып, Домалақ, Қарашаш анадай болуын тілеп еді. Мұның бәрі қазіргі таңдағы жаһандық аждаһаның аламаны. Осыдан кейін жастарға не айтамыз, өзіміз өнеге болар жол ұсынбасақ. Дәл осылай мақтан тұтар мәдениетімізді саралай берсек ұлылардың ұрпағы болып жүргенімізге еңсемізді биік ұстап қуанамыз. Осы арада «Үлгі тұтар мәдениетіміз, салт дәстүріміз тұрғанда неге сиқымсыз санамен тәрбиесіз батыс мәдениетіне тәнтіміз?», болмаса «Біз осыншалықты еліктегіш халықпыз ба?», «Ұлттық санаға жұтаң қоғамбыз ба?» сынды заңды сұрақтар туатыны хақ. Шындығын айтсақ біздің қоғам сиқырға толы породокстермен бейнеленген болса керек. Сөз жүзінде мәдениетімізді мақтауда, мақтануда алдымызға жан салмаймыз. Ал, іс жүзінде бәрі

керісінше. Тек санымызды соғып «қайран қалың елім қазағым-ай» деп өкініуден артыққа бара алмай отырмыз. Мұндай тұстарымызда жоқ емес, бар, з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сұлтан Сартаевтың: «Қыздар шашты жалбыратуды сәнге айналдырып алған. Қазақта шашты жаю деген болмаған. Тек ері қайтыс болған әйелдер бір жұма бойы шашын жинамаған. Бүгінгі қыздар темекі шегеді... Олар келешек ана, біреудің жары ғой. Ана, жұбай, келін деген әдепті емес, әдептің өзі болуы тиіс. Өйткені табиғат солай етіп жаратқан» деген сөзінен анық аңғаруға болады [7, 6 б]. Бірте бірте қоғамға еніп келе жатқан індеттер санын көріп, адамзат болашақта өзгемен емес өзімен күрес жолында құрбан болмаса игі.

Бүгінгі таңда батыстық оқу стилін қабылдадық, 12 жылдық мектеп, кредиттік технология дегендей. Өркениеттің ыстық оты оқу жүйесінде шарпып барады. Қазіргі студенттер кітап оқу, ғылым жолында іздену секілді ұғымдарды интернеттің ләззатына айырбастады. Әдеби кітаптарды оқу, оның ойлы, тәрбиелі мазмұнымен сусындау тіпті ойдада болмаса керек. ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Қ.Қ. Мәдібаева ханымның бір сұхбатында: «Жедел, жүрдек, екпінді заман алдамшы, айныған, арзан қызықтарың мың құбылтады. Кеше ұялы телефон, бүгін өрмекші тармақ ғаламтор, резеңке адам, ертең...Ертең бірдеңге шығады. Сөйтіп, кітап біздің ат ізін салыспай кететін алыс ағайынымыз сияқты көңілден өшеді ме деген қауіп бар. Өкінішті. Кітаптың

жанға құяр нәрі бөлек. Ол адамның жанын жамандықтан алыс алып жүретін шын досы еді... Жастарды кітапқа баулу отбасында бағыт түзуі керек еді. «Ер Төстікті» білмей өскен ұрпақ қазір ата ана болып отыр. Осы жағы қауіпті» – деген болатын [8, 7 б]. Расында, бұл ұстаздың ұлтына деген жанашырлығы. Бүгінгі ұрпақ қиын қыстау заманда елдің арман тілегімен қоғам санасында пайда болған Ер Төстік, Ер Тарғын сынды образдарды, бертін келе халық жанашырлары Абай, Ыбырай, Шоқанды, ұлтын ұлықтаған «үш бәйтерек» пен «бес арыстың» кім екенін білеме екен? Олардың азаттық үшін өз өмірлерімен қоштасқанын саналы түрде салмақтай аларма екен? Жоқ, әлде интернет торы санамен қосып жүректіде жаулап алғанба? Соңғы уақыттары дәл осылай жанға жара салар сұрақтарды жалғастыра берсек бір кітап жазуға болар. Айтайын дегенім, ертенгі күні сол жас маман нарықтық экономиканың бір жемтігі болып кетеме деп қорқамын [9, 12 б].

Не десекте бұл ХХІ ғ қазақ елінің бастан кешіріп отырған өмірі. Дәл осы ізбен жүре берсек, жалаң мақтанышпен айтқан «бір Қазақ елінің жеріне бес Франция сияды» дегендей, ертең жерімізде бес өзге мемлекеттің пайда болмасына кім кепіл?! Қазақ халқы, тілін дінін, төл мәдениетін құрметтемейінше ел ұлт болудан қалар, ал қадірін түсіне білсек жаһандық құбылыстар біз үшін жай әңгіме болары хақ. Сан ғасырлар бойы армандаған елдікті қолдан бермесек, елімізді қуыршақ елге айналдырып алмасақ сол біз үшін жеңіс болмақ!

Әдебиеттер

- 1 Чумаков А.Н. Глобализация. Контуры целостного мира: монография. – М.: ТК Велби, изд. Проспект 2005. – 432 с.
- 2 Байменов Ә. // «Дала мен Қала» газеті. – № 11. – Алматы, 2012. – 4 б.
- 3 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысындағы Қазақстан. – Алматы: Өнер, 1996. – 255 б.
- 4 Масалимова А.Р. Культурная антропология. – Алматы: «Қазғұрт» баспасы, 2006. – 184 б.
- 5 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Республика, 1994. – 527 с.
- 6 Тойнби А. Постигание истории. – М.: Политиздат, 1990. – 731 с.
- 7 Косиченко А. Жаһандану жағдайындағы Қазақстан халықтарының дәстүрлі мәдениетінің өзектелінуі. – Алматы, 2006. – 347 б.
- 8 Бейсенова Г.А. Культурная и национальная идентичность в контексте глобализации // Халықаралық конференция жинағы. – Алматы, 2009. – 67 б.
- 9 Сартаев С. // Қазақ университеті. – Алматы, 2012. – 6 б.

References

- 1 Chumakov A.N. Globalizacija. Kontury celostnogo mira: monografija. –M.: TK Velbi, izd. Prospekt 2005. – 432 s.
- 2 Bajmenov A. // «Dala men Kala» gazet. – № 11. – Almaty, 2012. – 4 b.
- 3 Nazarbaev N. Fasyrlar togysyndagy Kazakstan. – Almaty: Oner, 1996. – 255 b.
- 4 Masalimova A.R. Kul’turnaja antropologija. – Almaty: «Kazgurt» baspasy, 2006. – 184 b.
- 5 Jaspers K. Smysl i naznachenie istorii. – M.: Respublika, 1994. – 527 s.
- 6 Tojnbi A. Postizhenie istorii. – M.: Politizdat, 1990. – 731 s.
- 7 Kosichenko A. Zhahandanu zhagdajyndagy Kazakstan halyktarynyn dastyrli madenietinin ozektelinui. – Almaty, 2006. – 347 b.
- 8 Bejsenova G.A. Kul’turnaja i nacional’naja identichnost’ v konekste globalizacii // Halykaralyk konferencija zhinagy. – Almaty, 2009. – 67 b.
- 9 Sartaev S. // Kazak universiteti. – Almaty, 2012. – 6 b.